

«Сейфуллин оқулары – 18: « Жастар және ғылым – болашаққа көзқарас» халықаралық ғылыми -практикалық конференция материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 18: « Молодежь и наука – взгляд в будущее» - 2022.- Т.І, Ч.ІІ. - Б. 239-242

## **СЕРТИФИКАТТАУ МЕН АККРЕДИТТЕУ ПРОЦЕСТЕРІНІҢ САПАСЫН АРТТЫРУ БОЙЫНША ЗЕРТТЕУЛЕР**

*Тұрар Т.С., студент 2 курса*

*С. Сейфуллин атындағы қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ.*

Өнім мен қызмет сертификат тыміндетті. Ол сапаның арнайы тұжырымы ретінде қарастырылады және көбінесе өнімнің бәсекелестігі наньқтайды, бұл дегеніміз өнімнің дамуы, оның рентабельділігі мен тиімділігі.

Сертификацияның барлық түрлері мамандардың жоғарғы компетенциясында негізделеді, олар оның процедураларын өткізеді, сондай-ақ нормативті – әдістемелік құжаттар жасайды. Сертификат бойынша жұмыс тәжірибесі стандартизация, сертификация және сапа басқару сұрақтары бойынша мамандарды даярлаудағы терең қажеттілікті көрсетеді.

Сертификация сөзі латын тілінен аударғанда «дұрыс жасалды» дегенді білдіреді. Өнім «дұрыс жасалғанына» көзжеткізу үшін, оның қандай талаптарға сай келетінін және осы сәйкестіктің сенімді дәлелін қалай алуға болатынын білу керек. Халықаралық тәжірибеде бұндай дәлелдің жалпы мойындалған тәсілі ретінде сертификация жүреді.

Өнімнің әрі қарай қолданылуы немесе тартынуы үшін шығарылатынын белгілі. Өмірлік ағымның жалпы тізбегінде өнім даярлаушы «бірінші жақ» болып есептеледі және ол әрине жақсы өнім шығарды деп есептейді, тартынушыларды қанағаттандыратындай.

Бұл тізбектегі «екінші жаққа» сапаны өнім алуды қалайтын тартынушы жатады.

Тартынушының бағалауына өнімнің кейінгі тағдыры тәуелді.

«Үшінші жақ» яғни арбитр тартынушы мен даярлаушыдан тәуелсіз ұйым немесе тұлға жатады. Сәйкестікті бағалаудағы халықаралық тәжірибеде ең көлемді және өнімді болып үшінші жақ өткізген сынақ нәтижесі жатады.

«Сертификация»

терминінің алғаш рет стандарттау жөніндегі халықаралық ұйымның сертификация сұрағы бойынша кеңесанықтап, ұйымдастырған (СЕРТИКО) және 1982 жыл №2 ИСО мәлімет жетекшілігіне енгізілген. «Стандарттау, сертификация және сынақ зертхананың аккредитация аймағындағы анықтамалар мен жалпы терминдер». Осы құжатқа сәйкес сертификация сәйкестік белгілі немесе сәйкестік сертификаты

нәтижесі мен куәландірілетін әрекет ретінде анықталды, мұндағы киім немесе қызмет нақты бір стандартқа немесе басқа нормативтік құжатқа сәйкес келеді. Бұл анықтама бүгінгі таңда «сертификация жүйесінде» қолданылған сертификация ұғымының негізіне қойылған. Қазіргі таңда сәйкестік сертификаты ұғымы арқылы үшінші жақ қызметті түсінуге болады.

1982 жылы берілген анықтама мен салыстырғанда «сәйкестік сертификаты» ұғымына бірнеше өзгерістер енгізілген.

Біріншіден, сертификация енді үшінші қызметінен байланысты, олар қарастырылған сұраққа татысатын жақтан тәуелсіз болып есептелетін орган немесе тұлға болып есептеледі. «Үшінші жақтың» өте нақты ұғымы сәйкестік сертификациясының анықтамасындағы басқа терминдер сияқты жөнінде қарастырылады.

Екіншіден, сәйкестікті бағалау бойынша қызмет міндет қызмет болып жүргізіледі, бұл нақты ереже, процедура және басқаруға қойылатын сертификацияның қатаң жүйесінің бар екендігі жөнінде дәлелденді. Үшіншіден, сәйкестік сертификациясын тарату аймағын барынша кеңейту. Қазіргі таңда оларға өнім, процесстер және қызметтер жатады, сонымен қатар кәсіпорындағы сапа мен персоналды басқару процесстері.

Осының барлығы сәйкестікті орнату процесі ретінде сертификациясының тұрақты дамуын білдіреді және оны толықтандырылған нарық қатынасы үшін өткіз қажеттілігін көрсетеді.

2020 жылдың қаңтар айында ҚР Үкіметінің кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев Ұлттық сертификаттау жүйесін дамытуды, елдің ішкі нарығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін ұлттық стандарттарға бедел мен сенімді қайтаруды тапсырды. Қазақстан Үкіметіне «Техникалық реттеу туралы» заңды жаңа редакцияда дайындау және оны 2020 жылдың соңына дейін қабылдауды қамтамасыз ету тапсырылды.

Ел Президенті атап өткендей, техникалық реттеу және аккредиттеу туралы заңнама 10 жылдан астам уақыт бұрын қабылданған және қазіргі талаптарға сай келмейді.

Ұлттық сертификаттау жүйесі — мемлекеттік техникалық реттеу жүйесінің бір бөлігі және өнімді өндіру мен айналымға шығару салаларын қамтиды. Қазақстанда екі техникалық реттеу жүйесі — ұлттық және ұлттықтан жоғары (ЕАЭО техникалық реттеу жүйесі) жүйелер бар. Ұлттық жүйеде сертификаттау ерікті және міндетті түрде, ұлттықтан жоғарыда — тек міндетті түрде жүргізіледі.

Өнімнің, қызметтердің және тауарлардың сапасы мен қауіпсіздігі бойынша талаптарға сәйкестігін растау бұл, ең алдымен, тауарды өндірушінің немесе қызметті жеткізушінің нормативтік құжаттарда белгіленген сапа параметрлеріне сәйкес келуінің кепілдігі. Сонымен қатар бұл құжат өнімнің немесе қызметтің оның әлеуетті тұтынушы үшін қауіпсіздігін куәландырады.

Ұлттық сертификаттау жүйесін не үшін дамыту қажет 2019 жылы Президенттің тапсырмасына сәйкес прокуратура органдары Техникалық

реттеу және метрология комитетімен бірлесіп, аккредиттеу субъектілеріне кешенді тексеріс жүргізді. Бас прокуратураның ұсынысына берілген анықтамада өнімді сертификаттаудағы және тауардың шығарылған елін анықтаудағы бұзушылықтар мен сәйкессіздіктердің 18-ге жуық түрі жазылған. Атап айтсақ:

- Жалған сертификаттар беру;
- Аккредиттеу тоқтатылғаннан кейін сертификаттар беру;
- Құрылғыларды тексерусіз пайдалану;
- Сертификаттау және сынау рәсімдерін бұза отырып сертификаттар беру (өндіріске шықпай, сынақ жүргізбей беру);
- Құжаттары толық емес декларацияны тіркеу;
- Аттестатталмаған тұлғаның тексеруі;
- Бейтараптық принципін бұзу;
- Аккредитациядан тыс сертификаттау;
- Салық міндеттемелерін орындамау;
- Экономикалық контрабанда.

«Сертификаттау жүйесін» құру жөніндегі тапсырманы «сәйкестікті бағалау» деген ортау жалпы термин арқылы қарау қажет. Қазіргі таңда сәйкестікті бағалау жүйесі және оның құрамдас бөлігі сертификаттау жүйесі «Техникалық реттеу туралы», «Сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы» және «Стандарттау туралы» заңдармен, сондай-ақ бірқатар заңға тәуелді актілермен құрылды және реттеледі.

«Е-сертификаттау» жүйесін іске асыру Осы жылдың шілде айында «Е-аккредиттеу» ақпараттық жүйесі іске қосылды, ол сәйкестікті бағалау жүйесін цифрландыру үдерісіндегі бірінші кезең болып табылады. «Е-аккредиттеу» АЖ аккредиттеудің барлық процестерін цифрландыруға және аккредиттеу материалдарының қадағалануын қамтамасыз етуге, алдын ала бағалау бойынша аккредиттеуді жүргізу мерзімдерін үш есе қысқартуға, сертификаттау жүйесін дамытудың болжамдылығын арттыруға мүмкіндік береді.

Екінші кезеңде 2021 жылдың бірінші жартыжылдығында «Е-сертификаттау» жүйесін іске асыру жоспарланған, ол сертификаттау процесінің ресми жағын айтарлықтай күшейтеді, сертификаттау жөніндегі қызметке мониторинг жүргізуді тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік береді, себебі жүйе барлық міндетті жолдарды міндетті түрде толтыру қажеттігін көздейді. Дегенмен, көрінеу жалған ақпарат беру қаупі болуы мүмкін, оны тұрақты мониторинг жүргізу арқылы азайтуға болады. «Е-аккредиттеу» ақпараттық жүйесі аясында өнімнің қадағалануын қамтамасыз ету осындай бұзушылықтарды анықтау деңгейін арттыруға ықпал ете алады.

«Е-аккредиттеу» ақпараттық жүйесін енгізу сертификаттау жөніндегі қызметтің мониторингін тиімді жүзеге асыру мүмкіндігін едәуір жақсартады.

Мысалы: Аккредиттеу немесе аккредиттеуден кейінгі бағалау кезінде аккредиттеу субъектілері, әдетте, мамандар мен жабдықтардың болуы туралы барлық қажетті құжаттар мен куәліктерді ұсынады. Алайда, басқа субъектіде тіркелген жабдықтар немесе қызметкерлер туралы ақпарат беру

және манипуляциялар арқылы аккредиттеу жөніндегі органның мамандарын жаңылыстырудың жоғары қаупі бар. Қазіргі уақытта мұндай манипуляцияларды бақылау мүмкін емес деуге болады. Осылайша, жабдықтар мен қызметкерлерді бақылау жүйесінің болмауына байланысты бұл сын-тегеурін жоғары деңгейде қалады. Бірақ бұл мәселенің шешімі Ақпараттық жүйені енгізуден және цифрландырудан көрінеді.

Қазақстандағы Ұлттық сертификаттау жүйесінің қалыптасуы Қазақстанда ұлттық сертификаттау жүйесін дамыту 1991 жылғы 5 маусымда «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Қазақ КСР Заңы күшіне енген сәттен басталды. Осылайша, аталған Заңның 13-бабына сәйкес тұтынушының өнімнің, жұмыстардың және қызметтердің тиісті сапасына құқығын және олар туралы ақпараттың дұрыстығын қамтамасыз ету үшін сапаны бақылауды арнайы уәкілетті мемлекеттік органдар (ҚазБасСтандарттың аумақтық органдары және т. б.) жүзеге асырады.

Келесі жылдары әртүрлі өнімдердің сәйкестігін растаудың заңнамалық негізі қалыптасты. Тексеру объектілері кәсіпорын менеджменті жүйесінің сапасы мен өнімнің сапасы болды. ҚР сертификаттау жүйесі 2004 жылғы 9 қарашада «Техникалық реттеу туралы» ҚР Заңы қолданысқа енгізілгеннен кейін одан әрі дами түсті.

Сонымен қатар ҚР-ның Кеден одағына қосылуына және оның Бірыңғай экономикалық кеңістікпен, ал кейіннен Еуразиялық экономикалық одақпен дамуына байланысты мемлекетаралық экономикалық бірлестік шеңберінде техникалық реттеуді ұйымдастыру жөніндегі барлық негізгі функциялар ұлттық деңгейден мемлекеттен жоғары деңгейге – Еуразиялық экономикалық комиссияға берілді.

Тиісінше техникалық реттеу саласындағы заңнаманың барлық нормалары 2010 жылдан бастап Кеден одағының заңнамасымен анықталып, ал 2014 жылдан бастап Еуразиялық экономикалық одақтың заңнамасымен реттеледі.

Алғашқы рет міндетті сертификаттау ҚР-да 1995 жылы «Стандарттау және сертификаттау туралы» ҚР Заңына сәйкес енгізілді, ал 1999 жылы «Сертификаттау туралы» ҚР жаңа заңы қабылданды, онда алғаш рет сертификаттау саласындағы қоғамдық қатынастар кешенді түрде реттелді, мемлекеттік сертификаттау жүйесінің құқықтық негіздері және өнім, процестер, жұмыстар мен қызмет көрсету сапасы мәселелерінде мемлекет пен тұтынушылардың мүдделерін қорғау шаралары анықталды. Бұрынғы заңды қайта қарау өнімге қойылатын қолданыстағы талаптарды халықаралық ережелермен үйлестіру және сертификаттау саласындағы құқықтық, экономикалық және әлеуметтік негіздерді нақтылау қажеттілігінен туындады.

#### Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1 Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы, Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 4 мамырдағы № 274-IV Заңы

2 «Техникалық реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 қарашадағы № 603-ІІ Заңы

3 СТ РК 1.16-2000. ГСС РК Порядок осуществления государственного надзора и контроля за соблюдением обязательных требований нормативных документов по стандартизации, правил сертификации и за сертифицированной продукции (работами, услугами). Основные положения.

4 СТ РК 1.9-2007. ГСС РК Порядок применения международных региональных и национальных нормативных документов по стандартизации и сертификации.

5 СТ РК 3.1-2001. ГСС РК Знак соответствия. Технические требования и порядок применения.

6 Под ред. В.Я. Кершенбаума, Т.В. Практическая сертификация продукции и услуг. Учебное пособие / Горяистойой - М.: АНО «Технонефтегаз». - 2001.-312с.

7 By: KATHARINE MORGANStandards for a Safer World

<https://sn.astm.org/?q=presidents-message/standards-safer-world-ma22.html>